

**Бөкей ордасы ауданында ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындары санын есептемегенде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 маусымдағы № 108 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 шілдеде № 4482 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 15 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 27.01.2017 № 15 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі, Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бөкей ордасы ауданында ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. "Бөкей ордасы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заңнамаларға сәйкес осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2013 жылғы 20 қыркүйектегі № 184 қаулысының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3348 тіркелген , 2013 жылғы 2 қарашадағы "Орда жұлдызы" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Аудан әкімі аппаратының басшысы (Е. Айтқалиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Л. Қайырғалиеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бөкей ордасы ауданының әкімі*

*Н. Рахымжанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК